



«Мұхамеджан Тынышпаев атындағы ALT Университеті»

2030 жылға дейінгі ALT Университетінің «Климаттың өзгеруімен күрес» Тұрақты даму мақсаты аясындағы стратегиясы

Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму жөніндегі жаһандық мақсаттары аясында ALT Университеті климаттың өзгеруімен күресу үшін жүйелі шараларды қабылдау қажеттілігін мойындайды. Негізгі басымдықтар қатарына көміртек ізін азайту, экологиялық тұрғыдан орнықты тәжірибелерді енгізу, профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар мен қызметкерлер арасында қоршаған ортаға жауапты көзқарасты қалыптастыру кіреді.

ALT Университетінің стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) Қазақстан Республикасының тұрақты даму жөніндегі ұлттық стратегиясының басымдықтарына, негізгі мемлекеттік бағдарламаларға, халықаралық құжаттар мен стандарттарға сәйкес келеді, атап айтқанда:

- Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы;
- «Қазақстан – 2050» стратегиясы;
- Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу

доктринасы;

- Климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі ұлттық стратегия;
- БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ, 2015–2030);
- ҚӘК (Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық) критерийлері компаниялардың тұрақты дамуын бағалау жүйесі.

Стратегияның негізгі бағыттары

1. Университеттің көміртек ізін азайту:

- жаңартылатын энергия көздеріне кезең-кезеңімен көшу (күн панельдерін орнату);
- энергия тиімді ғимараттар: жылыту, кондиционерлеу, жарықтандыру және желдету жүйелерін жаңғырту, тиімділігі жоғары технологиялық жабдықтарға көшу;
- қағаз құжат айналымын қысқарту, процестерді цифрландыру, пайдаланылған қағазды қайта өңдеу;
- экологиялық көлікті дамыту: велосипедтер мен электр көліктерін пайдалануды ынталандыру.

2. Экологиялық білім беру және ғылыми зерттеулер:

- Университеттің барлық білім беру бағдарламалары үшін «Экология және тұрақты даму» пәнін міндетті компонент ретінде енгізу;
- пәндердің оқу жұмыс бағдарламаларына климаттық тақырыптарды интеграциялау (тұрақты даму модульдерін енгізу);
- климаттың өзгеруін және оның көлік жүйелеріне, қоршаған ортаға, адам денсаулығына, экономикаға, экологиялық қауіпсіздік пен қалалардың тұрақтылығына әсерін зерттеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді дамыту;
- климаттық тұрақтылық пен экологиялық технологиялар мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар және воркшоптар ұйымдастыру.

3. Ресурстарды тұрақты басқару:

- қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу (Университеттің бүкіл аумағында, соның ішінде студенттер үйлерінде бөлек жинауға арналған контейнерлер орнату), бір рет қолданылатын қаптамаларды пайдалануды шектеу;

- су тұтынуды оңтайландыру және суды қайта пайдалану жүйелерін (техникалық қажеттіліктер үшін) енгізу, су ізін есептеу;

- Университет пен студенттер үйлерінің аумағында жасыл аймақтарды дамыту және қолдау, бұл биоалуантүрліліктің артуына және көмірқышқыл газын сіңіруге ықпал етеді.

4. Қауымдастықты тарту және серіктестік:

- білім алушылардың, оқытушылар мен қызметкерлердің экологиялық санасын арттыруға бағытталған бағдарламалар (дәрістер, тренингтер, практикалық іс-шаралар);

- еріктілік экологиялық жобаларды қолдау, студенттік экологиялық клубтар құру;

- экологиялық ұйымдардың сарапшыларын дәрістер мен дөңгелек үстелдер өткізуге тарту;

- жасыл технологиялар саласында бизнес өкілдерімен ынтымақтастық;
- тәжірибе алмасу мақсатында жергілікті экологиялық ұйымдармен әріптестік орнату.

5. Есептілік және мониторинг:

- Университеттің экологиялық көрсеткіштеріне аудит жүргізу (энергия тұтыну, көмірқышқыл газы шығарындылары, қалдықтар көлемі және т.б.);

- аудит нәтижелерін және жаңа үрдістерді талдау негізінде стратегиялық бағыттарды түзету;

- көміртек ізін азайту және тұрақты тәжірибелерді енгізу бойынша жыл сайынғы есептерді жариялау.

6. 2030 жылға дейінгі күтілетін нәтижелер:

- көміртек ізін азайту – энергия тиімді технологияларды енгізу, жаңартылатын

энергия көздерін пайдалану және ресурстарды тұтынуды оңтайландыру есебінен шығарындыларды қысқарту;

- экологиялық инфрақұрылым құру – энергия тиімді ғимараттармен, қалдықтарды барынша азайту және бөлек жинау жүйесімен «жасыл кампус» моделіне толық көшу;

- пластик тұтынуды 50%-ға қысқарту;

- білім беру бағдарламаларын енгізу және дамыту – климаттың өзгеруі мен

тұрақты даму бойынша жаңа оқу курстарын енгізу;

- тұрақты даму тақырыбындағы ғылыми жарияланымдар санын 40%-ға арттыру;

- серіктестік пен ғылыми зерттеулерді кеңейту – халықаралық және ұлттық

экологиялық ұйымдармен бірлескен жобаларды іске қосу;

- тұрақты даму бойынша халықаралық гранттар мен бағдарламаларға қатысу;

- экологиялық зерттеулерге сыртқы қаржыландыру тарту;

- тұрақты көлікті дамыту – Университет аумағында электр қуаттау

станцияларының санын арттыру;

- хабардарлық пен қатысуды арттыру – климат тақырыбында жыл сайын

форумдар, конференциялар мен семинарлар өткізу, студенттер мен қызметкерлердің кемінде 50%-ын экологиялық бастамаларға тарту.

Аталған Стратегияны іске асыру Университеттің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін төмендетіп қана қоймай, тұрақты даму мен экологиялық жауапкершіліктің маңызын түсінетін жаңа буын мамандарын тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Университеттің Ғылыми кеңесінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 8 хаттамасымен бекітілді.